

Исина Б.К., Кабдолла Р Ж.docx

Бакытжан Исина

Дата представления: 26-мар.-2026 04:25PM (UTC+0500)

Идентификатор представления: 2913583608

Имя файла: Исина_Б.К._Кабдолла_Р_Ж.docx (717.82К)

Количество слов: 2175

Количество символов: 17112

**ЖОБАЛАУ ӘДІСІ: МӘТІНДЕРДЕГІ АҚПАРАТТАРДЫ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ДАМУ
ТЕНДЕНЦИЯСЫ ТҰРҒЫСЫНАН БАҒАЛАУ**

7
Исина Бакытжан Капановна,

Кабдолла Рауан Жұмасейтқызы

Қарағанды қаласы жаратылыстану-математика бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

Абстракт

Мақалада жобалау әдісі арқылы оқушыларының мәтіндердегі ақпараттарды құндылықтар мен қайшылықтардың даму тенденциясы тұрғысынан өңдеу негізінде публицистикалық стильдегі мәтіндерді құрастыру дағдыларын дамытуды іс-тәжірибеде зерттеу мәселесі қарастырылған. Жұмыстың мақсаты: жобалау әдісі негізінде оқушылардың өз ұстанымына тезисті құрылымдау, оқылым мәтіндерінен ақпаратты өңдеу мен перифраздаудың тәсілдерін меңгеру дағдыларын жетілдіру арқылы әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндегі оқиғалар мен фактілерді құндылықтар мен қайшылықтардың даму тенденциясы тұрғысынан талқылап, өзіндік баға беру құзыреттілігін арттыру, публицистикалық стильдегі жазылым дағдыларын жетілдірудің тиімді әдістерін ұсыну. Осы мақсатты тиімді жүзеге асыру үшін жобалаудың әрекет теориясы негізінде нұсқаулық әзірлеу; негізгі тезисті мазмұнды құрастыруға жаттықтыру; ақпаратты перифраздау тәсілдерімен өңдеуге қатысты оқушылардың теориялық білім деңгейін көтере отырып, тәжірибеде қолдануға баулу; әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндегі оқиғалар мен фактілерге даму тенденциясы тұрғысынан баға беруге үйрету міндеттері қойылды. Жұмыс барысында оқушылардың перспективтік жоспар құру, ойша үлгілеу сияқты стратегиялық ойлау дағдыларын дамыту негізінде сыртқы жиынтық бағалауда орындайтын «Оқылым және мәтін талдау» компоненті бойынша өзара сабақтастықта қарастырылатын тапсырмаларды сапалы орындауына мүмкіндік беретін тиімді тәсілдер мен нұсқаулық әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Зерттеу нәтижесінде оқушылардың оқылым мәтіндеріндегі тілдік бірліктерді өңдеу нәтижесінде публицистикалық стильдің блог жазбасы, аргументті эссе жанрларында мәтіндерді құрастыруға бағыттап отырып, оқушылардың аргументтеу және контраргумент келтіру дағдыларын жетілдіре түсті, коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға көмектесті.

Түйін сөздер: *жобалау, тілдік бірліктер, ақпаратты өңдеу, перифраздау тәсілдері, даму тенденциясы, құндылықтар.*

Оқушылардың өз алдына мақсат қоюы, жоспарлауы және құндылықтар негізінде шешімдер қабылдауы арқылы ішкі шығармашылық әлеуетін ашу негізінде стандартты емес мәселелерді шешіп, жаңа өнімдер жасауда ақпаратты өңдеу ісіне ынта-жігерін арттыру аса маңызды. Осы тұрғыда 12-сыныптарда сыртқы жиынтық бағалауға дайындық кезеңінде «Оқылым және мәтін талдау» аспектісінің 2-тапсырмасы бойынша публицистикалық стиль жанрында жазылым жұмысын құрастыруда өзара қарама-қайшылықты мәндегі бір тақырып аясындағы екі мәтіннен ақпарат алып, өңдеу барысында туындаған қиындықтар зерттеу жұмысына негіз болды. Өйткені оқылым мәтіндерінен ақпарат алу үдерісі өзара сабақтастықтағы бірнеше біліктілік дағдыларын талап етеді. Бұл «Жобалау әдісін қолдану 12-сынып оқушыларының мәтіндердегі ақпараттарды құндылықтар мен қайшылықтардың даму тенденциясы тұрғысынан өңдеу негізінде публицистикалық стильдегі мәтіндерді құрастыру дағдыларын дамытуға қалай әсер етеді?» деген іс-әрекеттегі зерттеу сұрағын негіздеуге себеп болды. Зерттеудің мақсаты: жобалау әдісін қолдану арқылы оқушылардың өз ұстанымына тезисті құрылымдау, оқылым мәтіндерінен ақпаратты өңдеу мен перифраздаудың тәсілдерін меңгеру дағдыларын жетілдіру арқылы әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндегі оқиғалар мен фактілерді даму тенденциясы тұрғысынан талқылап,

құндылықтар тұрғысынан өзіндік баға беру құзыреттілігін арттыру, публицистикалық стильдегі жазылым дағдыларын жетілдірудің тиімді әдістерін ұсыну. Мақсатты тиімді жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- жобалаудың әрекет теориясына негізделген нұсқаулық әзірлеу;
- ұстанымына негізделген құндылықтарды айқындау арқылы негізгі тезисті құрастыру жолдарын қарастыру;
- ақпаратты өз ұстанымына қарай перифраздау тәсілдерімен өңдеу;
- әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндегі оқиғалар мен фактілерге даму тенденциясы тұрғысынан баға беру.

Ғылыми болжамы: егер жобалаудың әрекет теориясының алдын-алу идеясы негізінде мәтінмен жұмыс істеудің мазмұндық, тілдік, құрылымдық, функционалдық, прагматикалық және сыни талдау аспектілерін құндылықтар мен қайшылықтардың даму тенденциясы негізінде тезис құрастыру арқылы ақпараттарды өңдеп, перифраздап қолдану дағдыларын жетілдірудің әдістемесі негізделсе, оқушылардың оқылым дағдылары және публицистикалық стильдегі мәтіндерді құрастыру дағдылары жетіліп, коммуникативтік құзыреттілігі артады.


Жобалау – бұл күтілетін нәтижеге бағытталған қозғалыстың тұтас моделі, оның негізгі міндеті – мақсатқа бағытталған қозғалысты бақылайтын құрал болу. Жобалау әдісі өнімді ойлаудың (продуктивное мышление) жаңа деңгейдегі интеллектуалдық міндеттерді шеше алумен ерекшеленеді (Бахешева С.М., 2011). Ал мәтіндерден ақпарат ала отырып, публицистикалық стильдегі оқушы негіздеген жазылым жұмысы шығармашылық өнім ретінде қандайда бір қоғамдық жағдаяттарға баға беруде мәселені құндылықтар тұрғысынан қарастыратыны анық. Оқушылардың мәдениетаралық құндылықтарды пайымдау деңгейі «Оқылым және мәтін талдау» компонентінің тапсырмаларын орындауда да бағаланатындықтан, маңызды коммуникативтік құзыреттіліктерді игеруін талап етеді. Маңызды біліктілік оқушының ақпаратты іріктеп, өз мақсатында өңдей алу барысында айқын танылады. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің әдістемелік нұсқаулығында американдық педагог, философ М. Адлердің «Кітапты қалай оқу керек?» деген еңбегінде оқудың үш түрлі тәсілін атап көрсеткендей, оқушылардың құрылымдық және аналитикалық, интерпретациялық және синтетикалық, сыни пікір білдіру аясындағы талдау жасау дағдыларын (2021) игеруі де зор маңызға ие екендігі аталып көрсетеді. Өйткені қарама-қайшылықты мәндегі салыстырмалы анализге ұсынылатын мәтіндермен жұмыс істеу кезінде негізгі қиындықтар ақпаратты дұрыс іріктеу, автор позициясын түсіну, пікірлерді салыстыру және оларды жаңа мақсатқа сәйкес синтездеу үдерісінде байқалады. Бұл жұмыс түйінді мәселелерге креативті шешім іздеуде «Құндылықтар» концептісімен байланыста қарай отырып, оқу үдерісінде бірнеше педагогикалық және танымдық тәсілдерді қолдануды талап етеді. Осы орайда аталмыш нұсқауаттағы «PISA зерттеуіндегі креативті ойлау моделі идеяларды бағалау және таңдау сияқты ойлау үдерістерін анықтайтын құзыреттілік компонент» (2021) ретінде құндылық → идея → шешім → аналитикалық және креативті ойлау тізбегі арқылы жүзеге аспақ. «Аналитикалық ойлау қажет байланыстарды орнатып, салыстыруы керек, ұқсастығын табуы қажет және мұның бәрі тек ақыл-ой арқылы жүзеге асырылатын әрекет» (Ручкина В. П., 2019). Ал жобалаудың түрлі салалардағы инструменталдық жүйесі ретіндегі әрекет теориясы негізінде алдын-алу идеясы – алдағы әрекеттерді жобалауға бағытталған жобаға тән перспективалар; әлеуметтердің айырмашылық идеясы – жоба нысанының қалыптасқан жағдайы мен алдағы уақытта болуы тиіс сипаттарының айырмашылығы; бір қадамнан–келесі қадамға–болашақтағы қажеттіктердің бірте–бірте, өз кезеңімен жақындай беруі (Н. А. Бернштейн); бірлесу идеясы–жобалау барысындағы түрлі бағыттағы күштер мен ресурстарды біріктіре пайдалану жолдары (Бахешева С.М., 2011). Мәтіндерден ақпарат алу аталмыш идеялар тізбегі негізінде жүзеге асырылатын мақсатты әрекет болғандықтан, осы әдіске негізделген нұсқаулықтар әзірлей отырып, оқушылардың перспективтік ойша жоспарлау және стратегиялық қадамдарды меңгеруі маңызды. Өйткені оқушылар екі мәтіннен ақпарат алып жазу барысында оқушылар публицистикалық стильде жазылым

жұмысында мәтіндерден ақпаратты перифраздау негізінде өңдейді. Осы тұрғыда оқушылардың перифраза туралы ұғым-түсініктерінің болуы да маңызды. Перифраздар мәтіннің көркемдік ерекшеліктерін айқындай түседі. Перифраздардың номинативтік, сипаттамалық және бейнелеу (экспрессивтік) сияқты функциялары оның басты белгілерін айқындайды. Мысалы, эвфемистік және синонимдік функциялар-перифраздың номинативтік табиғатынан туындайды; түсіндірмелік функция – сипаттамалық аспектінің көрінісі; ал бағалауыш, экспрессивтік, ойындық және манипулятивтік функциялар перифраздың бейнелеу (экспрессивтік) қырымен тығыз байланысты болады (Рауандина А.К., Самархан С., 2009). Академик Өмірұзақ Айтбайұлы (2013) «Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары» деген ғылыми жұмысында перифразды көркемдік бейне тұғызу тәсілдері ретінде оның синтаксистік құрылымына басымдық беріп, поэтикалық бейнелеу құралдарымен байланыса қарастырып, авторлық бағалауыштық қатынасы маңызды рөл атқаратындығын негіздейді. Осыған орай, перифраз жаңаша сипатта бейнеленуімен ерекшеленеді. З.Қабдолов (2014) перифразды «қайта айтып беру» тәсіліне жатқызса, тіл маманы Ә.Болғанбаев (1962) синонимдермен байланысты қарастырып, мағынасын нақтылай түсетін қасиетін көрсетті. Ендеше оқушылардың перифразды және оның жасалу тәсілдерін меңгеруі маңызды болмақ. Сондай-ақ тезистер арқылы оқушы немесе зерттеуші мәтіндегі негізгі тұжырымдарды жүйелеп, оларды жаңа мәтіндер жазу кезінде тірек ретінде қолдана алады. Тезистер мәтіндегі басты идеялар мен маңызды ойларды бөліп көрсету арқылы ақпаратты талдауды және түсінуді жеңілдетеді. Сонымен қатар тезис құру үдерісі ақпаратты құрылымдауға, логикалық байланыстарды анықтауға және материалды ықшам түрде ұсынуға көмектесетіндіктен, бұл зерттеу, талдау және мәтін құрастыру барысында ақпаратты тиімді пайдалануға негіз болады.

Әдіснама

Зерттеу барысында ғылыми-зерттеу әдістері мен Іс-әрекеттегі зерттеу циклі Бумердің циклдік кезеңдеріндегі «Жоспарлау – Талқылау – Оқыту мен Оқу – Жүзеге асыру – Бағалау» (Boomer et al. 1992: 35) (Tsafos, 2009: 207) жүйесінде жүзеге асырылды. Сондықтан тезис құру ақпаратты өңдеу мен ғылыми ойлауды дамытудың маңызды құралдарының бірі ретінде қарастырылып, жазба жұмысының өзегін құрайтын, автордың көтеріп отырған басты пікірін, негізгі ұстанымын білдіретін тұжырым ретінде жазылымның негізгі мақсатын айқындайтындықтан, сауалнамада қарастырылуы маңызды болды. Зерттеуге 12-сынып бойынша (12А-16; 12В-14; 12Д-11) 32 оқушы қатысып, кіріс сауалнамасы төмендегідей нәтиже көрсетті: жазылым жұмыстарындағы тікелей ешбір өзгеріссіз іріктеуге болатын ақпараттарды анықтауда: *мәтіндегі ұлттық колоридтерді* – 21 оқушы; *тұрақты тіркестер мен көркем тіркестерді* - 21 оқушы; *мақал-мәтелдер/ дәйексөздерді негізге алуды* - 17 оқушы; *құндылықтарға қатысты идеяларды және оған қарама-қайшы идеялар мен деректерді айқындауды* – 17 оқушы; *тарихи астар, мәдени және этикалық фактор, әлеуметтік факторлар негізінде іріктеуді* – 18 оқушы; *фактілік деректерді өз идеясын қолдау үшін қолдануды* -20 оқушы. Бұл 60-65%-ға жуығы ақпарат алудағы маңызды аспектілерді ескеретіндігін танытқанымен, әзірленетін нұсқаулықта осы аспектілер көрініс табуы қажет және оқу үдерісінде басымдық танытуы керек деген шешімге келдік. Ал негізгі тезис ұғымына қатысты оқушылардың 85%-ының негізгі тезистің мәтіннің өзегі ретіндегі рәсімделу ерекшелігін терең пайымдайтынын танытты. Мұнда құндылықтардың өзара байланыстарын даму тенденциялары тұрғысынан қарастыратын негізгі тезисті анықтауда 27 оқушы «*Отансүйгіштік – тек елді сую сезімі емес, ол рухани және этикалық құндылықтарға негізделген саналы азаматтық ұстаным*» идеялық жүкті көтеріп тұрған негізгі тезисті айқындай алатынын танытты. Жазбаға негіз болатын тезисті пен қосалқы тезисті құруда құндылықтардың даму тенденцияларымен өзара байланыста қарастыру төмендегідей сипатта анықталған: *Отансүйгіштікті қосбасшылық және қоғамға қызмет ету құндылығымен астастыруды* - 23 оқушы; *әлеуметтік құндылықты саяси құндылықпен өзара*

сабақтастыру – 15 оқушы; экологиялық құндылықты мәдени құндылықтармен байланыста қарастыру – 12 оқушы; Отансүйгіштік құндылығын рухани, эстетикалық, этикалық құндылықтармен сабақтастыру -15 оқушы; әлеуметтік құндылықты рухани, эстетикалық, этикалық құндылықтармен сабақтастыру – 15 оқушы; ұлттық-идеологиялық құндылықты Отансүйгіштік құндылығымен сабақтастықта қарау – 22 оқушы. Бұл оқушылардың құндылықтарды кіріктіре талдауда олардың арасындағы өзара сабақтастық арқылы мәдениетаралық, әлеуметтік факторларға қарым-қатынасы, пайымдаулары негізінде жазылым жұмыстары арқылы тұлғалық қалыптасуларының да бір жарқын үлгісін көрсете алатынын танытты. Ал «Құндылықтар мен оған қатысты қарама-қайшылықтарды, автордың идеясын танытатын аспектілерді публицистикалық стильдегі жанрларда жазуда қандай тілдік аспектіде ұсыну тиімдірек?» деген сұрақ аясында риторикалық сұрақтар арқылы ойландыру мен талқылауға шақыру – 9 оқушы; құндылық пен кереғарлықты айқындау арқылы жаңа идея туындату және шешу жолдарын ұсыну – 10 оқушы; Құндылыққа немесе оған қайшылыққа баға беретін жеке көзқарасты танытатын лепті сөйлемдер арқылы – 2 оқушы; мәселеге қатысты ұстанымын танытатын эмоционалды-экспрессивті сөздердің қолданысы – 5 оқушы; шынайы өмірмен байланысты фактілік деректер мен мысалдар, аргументтердің қолданысы – 6 оқушы. Көзқарастарды танытатын ұғымдар (қыстырма сөздер мен одағайлар) - 1 оқушы; Бұл нәтижеден оқушылардың қазақ тілінің сөздік құрамындағы одағайларды публицистикалық стильдің блог жазбасы, блогқа пікір жанрларын қолданудың маңызы мен эмоционалдык әсерін күшейтуге мән бермейтіндігін танытты. Осыған орай, көңіл күй одағайларының және көзқарастарды танытатын қыстырма сөздердің қолданыс аясын және оның эмоционалдык әсеріне қатысты нұсқаулықта арнайы қарастырылуы қажет деген тұжырымға келдік. Шығыс сауалнамасы да сараланып, жұмыстың нәтижесінде мәтіндерден ақпарат алу бойынша арнайы нұсқаулық әзірленді.



1-сурет – Оқушылардың ақпаратты іріктеуге қатысты көрсеткіштері



2-сурет – Оқушылардың ақпаратты өңдеу негізінде аудиторияға әсер ету амалдарын таңдау көрсеткіштері

Кесте – Нұсқаулықта қарастырылған іріктелетін тілдік бірліктер туралы мәлімет

Мәтіндерден ақпарат алу негізінде іріктелетін тілдік бірліктер	
Мәтінді бірінші	1-рет оқу барысында талдау және ақпарат алу үшін ешбір өзгеріссіз

рет оқу барысында екі мәтінді салыстырып талдауда және екі мәтіннен ақпаратты тікелей ешбір өзгеріссіз алуға негіз болатын тілдік бірліктердің астын сызып оқу керек.	іріктелетін төмендегідей тілдік бірліктердің астын сызыңыз: <ul style="list-style-type: none"> • эмоционалды-экспрессивті тілдік бірліктердің (<i>тұрақты тіркес, метафора, эпитет, теңеу</i>); • жалқы есімдер; • термин сөздердің астын сызу Ұлттық колоридті танытатын сөздер; • мақал-мәтел, дәйексөздердің астын ирек сызықпен сызады; • құндылықтарды танытатын тіркестер; • қоғамдық-саяси лексика; • күрделі сөздер: <i>қысқартылған сөздер, қос сөздер, біріккен сөздер</i>; • мәтіндегі ақпаратты (<i>жағымды/жағымсыз</i>) бағалайтын тілдік бірліктер.
---	--


Қорытынды. Зерттеу барысында кіріс сауалнамасының мазмұны сараланып, оқытуға өзгеріс енгізу мақсатында негізделген ақпаратты өңдеудің бастапқы қадамы оқушының құрастырған тезисіне негізделетіндіктен, негізгі тезис пен қосалқы тезис ұғымдары және «Құндылықтар» концептісі ұғымдары зерделенді. Осыған орай, оқушылардың осы ұғымдарға қатысты түсінігі қалыптасып, өзге мәтіндерден ақпаратты алу барысында негізгі тезисті дұрыс рәсімдеу арқылы мәтіндердегі негізгі мазмұнды құндылықтар мен қайшылықтардың даму тенденциясы тұрғысынан қарастырып, оны қысқа әрі нақты түрде жүйелей отырып, өз мақсаттарында өңдеуге мүмкіндік алды. Оқу үдерісіне өзгерістер енгізу оқушылардың қарама-қайшылықтарды айқындайтын тілдік бірліктерді іріктеу және оны құндылықтар мен қайшылықтардың даму тенденциясын белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістердің мәдени ортаға әсері тұрғысынан талдап, жаңа жанрды құрастыруға бағыттай отырып, оқушылардың ақпаратты өңдеп қолдану барысында аргумент және контраргумент ретінде қолдану дағдыларын жетілдіре түсті. Жоспарлау кезеңінде оқыту мазмұнындағы теориялық негіздемелер іріктеліп алынды. Ақпаратты іріктеу кезіндегі объективтілік мәселесіне байланысты өз көзқарасына жақын ақпаратты таңдауда іріктеу қағидасын сақтамауы оқушылардың логикалық және стратегиялық ойлау қабілетін жетілдіру аясындағы жұмыстардың әлсіздігінен, яғни перспективтік жоспар құруға дағдыланбау, оқушының мақсатты түрде оқуын қамтамасыз етпеуден туындайтын қиындықтар екенін анықтай алған едік. Бұл жобалау әдісі негізінде оқушылардың екі мәтіннен ақпарат алуға ойша үлгілеу негізінде перспективтік жоспар құруға бағыттайтын нұсқаулық әзірлеуге негіз болды және оқушылардың өз жұмысын бақылауға, нәтижесін бағалауға және қажет жағдайда дер кезінде түзетулер енгізуге мүмкіндік беретіндей сипатта әзірленді. Жазылым барысындағы өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруда осындай нұсқаулықтар тиімді оқу стратегияларын қалыптастыруға көмектеседі. Жобалаудың әрекет теориясы негізінде алдын алу идеясы бойынша ойша үлгілеу әдісі арқылы ақпаратты қалай өңдейтінін, қандай тәсілдер қолданатынын алдын ала анықтайды. Бұл оның оқу әрекетінің сапасын арттыруда маңызды болатын оқылым стратегияларының түсініп мұқият оқу және іріктеп оқу, көз жүгіртіп оқу түрлері негізінде тиімді әрекет етулерін қамтамасыз етпек. Сонымен қатар әзірленген нұсқаулықта оқушылардың негізгі тезис, қосалқы тезис, құндылықтар концептісі ұғымдарына қатысты оқушылардың түсінігін кеңейту, теориялық негіздемесін зерделету; ақпаратты өңдеудегі ешбір өзгеріссіз іріктеуге болатын ақпараттарды айқындау; идея туындату қадамдары қарастырылып, ақпарат алуға қатысты нұсқаулық әзірлеу және оның тиімділігіне қатысты кері байланыс нәтижесін саралау жұмыстары жүйелі жүргізілді. Аталмыш әрекеттердің дағды негізінде қалыптасуын қамтамасыз ету үшін алдағы уақытта жобалау әдісі негізінде оқушыларды ойша үлгілеу тәсілдері арқылы мақсатты түрде әрекет етуге, ақпаратты өте шапшаң тауып, қабылдап, өңдей алу деңгейінің артуына, талқылау кезінде өз ойын қолдаусыз және жетік жеткізе алуына мүмкіндік беретін маңыздылықтар болып табылады. Оқушылардың коммуникативті тапсырманың үздік үлгілерін көрсете алуына, талап етілген барлық коммуникативті мақсаттарға сай,

тыңдаушылардың назарын өзіне аударып, тиімді және сенетіндей күрделі ойларды байланыстыра алуларына көмектеспек. Зерттеу нәтижелерін оқушылардың стратегиялық ойлау және өзін-өзі басқару қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтбайұлы, Ө. (2013). Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. Алматы: Абзал-Ай.
2. Бахишева, С.М. (2011) *Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы*. Оқулық, 74,30. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір».
3. Солғанбаев, Ө. (1962). Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі. Алматы: Мектеп.
4. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 2021-2022 оқу жылында білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Нұр-Сұлтан -2021,380 б.
5. Рауандина А.К., Самархан С. (2009) «Жоғары оқу орындарында перифразды студенттердің коммуникациялық дағдыларын дамыту құралы ретінде оқытудың әдістемелік аспектілері». Педагогикалық ғылымдар сериясы. №4 (85) 2025 <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz>. FTAMP 14.35.09. <https://doi.org/10.26577/JES20258516>.
6. Ручкина В. П. Развитие логического мышления детей младшего школьного возраста Выпускная квалификационная работа, Екатеринбург, 2019.-89 б.
7. Рабдолов, З. (2014). Сөз өнері: оқулық-монография. Алматы: Өлке.
8. Койлық, Н. О., Каупенбаева, С.М. (2019ж.) «Оқу үрдісінде проблемалық оқытуды қолданудың тиімділігі» әдістемелік нұсқаулық. –Алматы, «Өрлеу» БАҰО. http://engime.org/pars_docs/refs/103/102105/102105.pdf
9. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme. «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәнінің оқу жоспары. Негізгі мектеп (10-сынып) Нұсқа -2.1.
10. Бітібаева Қ. (2012ж.) *Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы*. «Дарын» Астана. -271б.

СВИДЕТЕЛЬСТВО ОРИГИНАЛЬНОСТИ



ПЕРВИЧНЫЙ ИСТОЧНИК

1	bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz Интернет Источник	4%
2	is.ku.edu.kz Интернет Источник	3%
3	Submitted to K.Zhubanov Aktobe Regional State University Студенческая работа	2%
4	moluch.ru Интернет Источник	1%
5	eduindex.kz Интернет Источник	1%
6	pps.kaznu.kz Интернет Источник	1%
7	research.nu.edu.kz Интернет Источник	1%
8	ust.kz Интернет Источник	1%
9	myslide.ru Интернет Источник	1%

Исключить цитаты
Исключить
Библиографию

Выкл.
Выкл.

Исключить
совпадения

Выкл.